

Жаңаарқа кенті, «Б.Амалбеков атындағы тірек мектебі (РО)»КММ
Қамқорлық кеңесі отрысының
№3 хаттамасы

28.08.2024 жыл

Қатысқандар:

Г.К.Корабаева – кеңес төрайымы
Ж.Абилкасымова – кеңес мүшесі
Б.Бөгенбаева – кеңес мүшесі
Н.Касенбекова – кеңес мүшесі
Ә.Омарбаева – кеңес мүшесі
Ш.Жарылғапова – кеңес мүшесі
С.Шайдарова – кеңес мүшесі
А.Х.Айтжанова – мектеп директорының м.а
Ж.М.Асамиданов – оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Күн тәртібі:

1. «Б.Амалбеков атындағы тірек мектебі (РО)» КММ – де өзін-өзі бағалау процедурасының өтуі туралы.

Бірінші мәселе бойынша «Б.Амалбеков атындағы тірек мектебі (РО)» КММ -нің директордың міндетін атқарушы А.Х.Айтжанова сөз алды, ол мемлекеттік аттестаттаудың негізгі ережелерін кеңеске жеткізді.

Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес профилактикалық бақылау арқылы бес жылда бір рет жүргізіледі. 2024 жылдың мамыр аралығында мектептің мемлекеттік аттестаттаудан өтуіне байланысты 2024 жылдың мамыр аралығында мектепте өзін -өзі аттестаттау процедурасы өтетінін айтты.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай қорытындылардың бірі беріледі:

1. Білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына толық сәйкес келген жағдайда - аттестатталады;
2. Білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда – аттестатталмайды.

Бұзушылықтар жойылмаған немесе белгіленген мерзімде есеп ұсынылымаған жағдайда білім беру ұйымы аттестатталмады деп есептеледі, бұл бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін негіз болып табылады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59 – бабының 4-1 тармағына сәйкес білім беру ұйымдары жыл сайын білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізеді. Өзін -өзі бағалау Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бойынша жүзеге асырылады.

Өзін – өзі бағалау мына бөлімдер бойынша жүргізіледі:

1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы;
2. Кадрлық құрамға талдау;
3. Білім алушылар контингенті;
4. Оқу-әдістемелік жұмыс;
5. Оқу-материалдық активтер;
6. Ақпараттық ресурстық және кітапханалық қор;
7. Білім алушылардың білімін бағалау;
8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы;
9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары;
10. Қорытындылар мен ұсыныстар.

Осы аталған бөлімдер бойынша жауаптылар тағайындалды. Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрылғанын айтты.

Шешімі:

Қамқорлық кеңесі 2024 жылдың 2 қыркүйектен 14 қазанға дейінгі аралықта мектепте өтетін өзін өзі бағалау жұмысына қолдау көрсетсін.

Өзін – өзі бағалау барысындағы сауалнамаға ата-аналар белсенді қатыссын.

Комиссия мүшелері белгіленген мерзімде «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығына сәйкес 3 жыл ішінде (2022-2023 оқу жылы, 2023-2024 оқу жылы, 2024-2025 оқу жылы) ақпарат дайындасын.

Кеңес төрайымы Г.К.Корабаева

Ж.Абилкасымова –

Б.Бөгенбаева –

Н.Касенбекова –

Ә.Омарбаева –

Ш.Жарылғапова –

С.Шайдарова –

Хатшы А.Х.Айтжанова